



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ

ШАБЫТ

айлық журналы
ежемесячный журнал
№3 (3) 20.02.2014



*Бір мақсат, бір мүдде,
бір болашақ*



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ



Ағалар алқасы:

Мұсаходжаева А.Қ. - ҚР халық артисі, профессор
Дүйсекеев К.Д. - ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері
Мейрамов Т.У. - ҚР халық артисі, профессор
Мұқанова Р.Қ. – ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері
Нөгербек Б.Р. - ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор
Сығай Ә.Т. - ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор
Юсупова А.К. - өнертану кандидаты

Редакция мүшелері:

Бас редактор: Гүлім Көпбайқызы
Жауапты хатшы: Мерлан Рымжан
Тілшілер: Қуат Ежембек
Балжан Бекмағамбет
Мирас Әбіл
Александра Поршнева
Камила Габдрашитова
Евгений Лумпов
Дизайнер: Ахат Азтай
Фототілші: Досжан Аяған

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!!!

Елбасының әр жылғы Жолдауының өзіндік ерекшеліктері де, көпшілік асыға күтетін жаңалығы да болады. Мемлекет басшысының кезекті Жолдауы биыл да еліміз үшін тосын да жағымды жаңалық ретінде жария етілді. Соның бірі әрі бірегейі «Мөңгілік ел» болу стратегиясы. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында өнер адамдарының ықпалдары қаншалықты? Біздің оқу орнымыздың бұл жобаға септігі тие ме? Осы сауалдар төңірегінде жауап іздеп, студенттер арасынан сауалнамалар жүргізіп те көрдік. «Шабыт» журналының кезекті үшінші санында сол атқарылған жұмыстардың нәтижесін оқырман назарына ұсынамыз.

Құрметпен, журналдың бас редакторы
Гүлім Көпбайқызы



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

Редакцияның мекен жайы:

Байланыс телефоны: +77756282848, +77751393919

Редакциялық басылым бөлімі

Мекен жайымыз: Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 50, 2 қабат №237

E-mail: shabyt_zhurnal@mail.ru



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

МАЗМҰНЫ

Қайрат Байбосынов:

«Бұл жердің ауасы бөлек, жері бөлек, тынысы кең...»
4 бет

Қиял көкжиегі:

Аяғез Ахметова
5-15 бет

Мерлан Рымжан:

«Бір халық, бір ел, бір тағдыр!!!»
6-7 бет

Бауыржан Нөгербек:

«Ұлттық киноның туын көтеруіміз керек...»
8-9 бет

Олжагул Абенова

«Мұратымыз - мәңгілік ел»
10 бет

Назгүл Дүйсенова

«Жас жеткіншектердің бойында театр өнеріне
деген қызығушылықтарын ояту»
11 бет

Мирас Әбіл:

«Мұқанова шәкірттері жеңіспен оралады!»
12 бет

Өлең өрнегі:

Жәнібек Дәуіт
13 бет

Бердімұрат Сайлаубек:

«Оралу»
14 бет

Нұргүл Абдуллаева:

«Кино өнерін тапшылау»
16-17 бет

Қуат Ежембек

«Көзбен көр де, ішпен біл...»
18 бет



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

БҮЛ ЖЕРДІҢ АУАСЫ БӨЛЕК, ЖЕРІ БӨЛЕК, ТЫНЫСЫ КЕҢ...

Қайрат Байбосынов

Қазақстанның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері,
«Парасат» орденінің иегері, профессор



2010 жылы негізі қаланған «Дәстүрлі ән» кафедрасы Қазақ Ұлттық Өнер университетінің ішіндегі ең жас кафедралардың қатарында. Оқу ордамыз университет болып құрылғалы Ербол Сарин, Айтбек Нұрғызбаев сияқты өнерпаздармен бірігіп, болашақ маман иелерін тәрбиелеп жатырмыз. Сонау 1967 жылы Алматы қаласындағы Республикалық эстрада цирк колледжінде алғашқы қазақ әнінің сыныбын ашқан Ж.Елебеқов, Ғ.Құрманғалиев секілді өнер майталмандарының алдында дәріс алдық. Сондықтан біздің көргеніміз бар, көп нәрсені естідік, білдік, таныдық. Манарбек Ержанов, Қали Байжанов сынды ақсақалдарды көріп, солардан Бүгінде аяқ алысымыз жаман емес. Шабыт ғимаратында «Дәстүрлі ән» кафедрасының ашылуы үлкен серпіліс болды десек, артық айтқандық емес. Жан-жақтан небір талантты жастар келді. Бұл жердің ауасы бөлек, жері бөлек, тынысы кең, алыс қияңнан келе алмай жатқан жастар келді. Енді, міне үлкен өнер шаңырағына айналып отырмыз. Соның дәлелі ретінде қазір өз шәкірттеріміз халыққа, елге танымал белгілі болды. Ә.Қашпабаев атындағы халықаралық конкурстың, басқа республикалық конкурстардың лауреаттары атанып, Президент кубогын жеңіп алдық. Павлодардағы Жаяу Мұса атындағы, Майра атындағы әншілер конкурсынан, Естай, Мәди атындағы, Жүсіпбек атындағы өнерпаздар конкурсынан, Тараздағы Кенен Әзірбаев атындағы конкурстардан бас жүлдені иеленіп келеміз. Мұндай марапаттарға ие болу үлкен қуаныш. Бұл үрдіс басқаларына да әсерін берері сөзсіз. Бұл жерде біз тек әндерді ғана айтып, үйреніп жатқанымыз жоқ. Жастарымыздың шамасы келгенше зерттеу жұмыстарына да ден қоямыз. Мысалы, А.Затаевич, Б.Ерзакович, М.Төлебаев жинаған қазақ әндері нотаға түсірілді ғой. Дегенмен, ол қашанғы солай жата бермек. Халыққа, елге таралу керек. Осы бағдарда жаңадан көптеген дүниелерді жасап жатырмыз. Әрине, оның бір қиыншылығы кезінде мысалы, А.Затаевич дауысына қарап отырып, бірден фортепианода жазды. Енді оны қайтарып алып, тіркесін қойып, буынға бөліп, домбыраға салғанда «аха хау», «беу», «шіркін-ай» секілді жалғаулықтарды жалғауымыз керек. Алайда, мұндай өзгерістер жасағанымызбен ән бастапқы формасын жоғалтпайды. Мәселен, Біржанның «Айтбай» деген әні операға арналып жазылған. Ал кітапқа үділсек, ол Айтбай сұлуға арналғанын байқаймыз. Араларында көп айырмашылық жоқ, тек операда қайырмасы ғана қосылған. Бірақ бұл бір ән болғанымен, екі түрлі мәтінмен айтылғанда өзіндік түпнұсқасы лирикалық, ғашықтық әрі сері жігіттің өзінің сүйгеніне келе жатқандағы көңіл күйін, жүрек соғысын, ғашықтық әуенін білдіреді.

Совет үкіметі кезінде саясатқа байланысты талай әндердің сөздері қысқартылып, басқа мәтіндер жазылған еді. Енді біздің алдымыздағы мақсатымыз - шамамыз келгенше әндердің мәтіндерін өз орнына қою. Мысалға, Ақан серінің «Балқадіша» деген әнінде «Күйеуің сексен бесте шал Қадіша» деп айтады, ал негізінде Балқадіша өзінің тегіне барған, одан қалған үрім-бұтағы бар қазірде. Ал түпнұсқасында ол олай айтылмайды. «Желпілдеп көлге біткен Балқадіша, тоқсан қыз серуенге шықсадағы ішінде дара жұлдыз сен Қадіша» деп, әсерлеп, әдемілеп жазған. Сол секілді алда қыруар жұмыстар көп. Осы әндерді аршып, орнына қоюымыз керек. Әркім айтып өзінше сөзі бұрмаланып кеткен әндердің бәрін тазалап, жақсы дүние жасауымыз шарт. Осы орайда «Гәкку» деген атаумен (500 ән кетеді) Қ.Байбосыновтың орындауындағы әндердің жинағын шығарғалы жатырмыз. Бұл дүниенің жаңалығы - бұрынғы дүниелерді қайталамай, әр әннің әуенін, сөзін дұрыстап, мәтініне ден қойып халыққа оқулық, хрестоматия ретінде ұсынуында болмақ. Келешек ұрпаққа үлгі боларлықтай дүние жасап, осы мақсатты жүзеге асырып, бір жолға қойып кетсем деген арманым бар.

Бүгінде университет қабырғасынан жарық көретін журналдың ашылғаны қуантып отыр. Атауының өзі ғимаратымызбен үндесіп жатқандықтан, мұндағы өнер адамдарына шабыт беретіні сөзсіз. Журналымыздың абыройы көтеріліп, болып жатқан күрделі мәселелерді немесе алда тұрған жоспарларды халыққа жеткізетіндей үлкен дүние болу керек. Астанадағы өнер ордасының қара шаңырағындағы көптеген таланттарымыздың тыныс-тіршілігінен сыр шертіп, қоғамымызбен тығыз байланыста болатынына сенемін.



«Сәндік қолданбалы өнер» мамандығының IV курс студенті Ахметова Аягөздің жұмыстарын назарларыңызға ұсынамыз.



Қыз ызату



Жаңа



Қос Қызыл



Жас келіншек



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

БІР ХАЛЫҚ, БІР ЕЛ, БІР ТАҒДЫР!!!

PS: Журналымыздың бұл санында оқырмандар назарына Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жыл 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауын насихаттау мақсатында өнер ордамызда атқарылып жатқан іс-шаралардың бастамасын ұсынамыз. «Бүгінде Отанымыздың жетістіктері - әрбір азаматтың ұлттық мақтанышы. Күшті, қуатты мемлекеттер ғана ұзақ мерзімдік жоспарлаумен, тұрақты экономикалық өсумен айналысады. «Қазақстан - 2050» стратегиясы - барлық саланы қамтитын және үздіксіз өсуді қамтамасыз ететін жаңғыру жолы. Ол - елдігіміз бен бірлігіміз, ерлігіміз бен еңбегіміз сыналатын, сынала жүріп шыңдалатын үлкен емтихан. Стратегияны мүлтіксіз орындап, емтиханнан мүдірмей өту - ортақ парыз, абыройлы міндет!» деп, Елбасы өз жолдауында атап өтті. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында университетіміздің атқарар рөлі қаншалықты? Алда қандай жоспарлар күтіп тұр? Міне, осы сауалдарға жауап іздеу барысында тілшілеріміздің дайындаған жұмыстарын ұсынып отырмыз.



Гүлім Көпбайқызы

Еліміз егемендік алып ел іргесі бой көтеріп мемлекетіміз гүлденіп, дамып келе жатқанына талай жылдың жүзі болды. Келешектің кемел болашағын құру мақсатында ұлтымыздың көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев кезекті жолдауын жұрт назарына ұсынды. Қаңтар айының 30-ы күні білім ордамызда Елбасының халыққа жолдауын түсіндіру мақсатында аға буын өкілдерімен қатар университетіміздің ректоры А.Қ.Мұсахаджаеваның қатысуымен студенттер арасында өткен үлкен жиынға арнайы барған едік. Сол отырыстағы маңызды сәттер мен сүбелі сөздерді өз оқырмандарымызбен бөлісуді жөн көріп отырмыз.

А.Қ.Мұсахаджаева: Сарыарқаның төрінде орналасқан әсем университетіміз бүгінде еліміздің асқақ данқын шарықтатып, ізгі лебіздерін жинауда. Барлық тілде сөйлейтін ол - өнер. Ұлттық құндылықтарымызды өзіміздің өнер арқылы жеткізу біздің асыл мұратымыз. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев «2050 мәңгілік ел» жолдауында мәдениеті мықты ел ұлттың негізі деп атап өтті! Ол дегеніміз бізде оқитын әрбір жүрегі қазақ деп соққан студенттерге айтылған сөз. Себебі біз тәуелсіз мемлекетімізге сый құрметпен қарайтындығы. Сондықтан бәріміз ұстанған үш тұғырлы тіл саясатының басын біріктіретін ана тілімізді ұмытпауымыз тиіс. Қазақ тілі - жастардың жадында сақталып, мәңгілік елдің тілі болады. Сіздерге көп көңіл бөлудеміз. Соның нәтижесінде сіздер әсем ғимаратта барлық жағдайы жасалған жатақханада тұрып жатсыздар. Осының бәрі елбасымыздың сіздерге деген сенімі мен ілтипаты. Ендігі біздің міндетіміз - мәңгілік ел құруға барынша ат салысу.



М.Ж.Жолдасбеков: Сіздер осы елдің иесі, қожайынысыздар. Ата-бабамыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен осы ұлан ғайыр аумақты сіздер үшін сақтап қалды. Алаштың арыстары бір идея үшін жан қимап па еді. Ол тұғыры биік тәуелсіз мамлекет. Сіздер ақ пен қараны, жақсы мен жаманды танып біле алатын жасқа жеттіңіздер. Дүбірге толы дүние жүзінде ұлт алауыздығы туындап, ел ішінде саяси тұрақсыздық пайда болып жатыр. Иновациялармен техника дамыған заманда ұлт ішіне іріткі салу оңай.



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

Сондықтан сіздер ерекше құштарлықпен өз отанымызды сүйеге тиіссіздер. Бірлігіміз бекем болуы қажет. Елге, жерге, руға, бөлінуі бүгінгі буынға жат. Себебі сіздер ақылды, парасатты болуларыңыз тиіс. Отанға деген сүйіспеншілігіңізді жат күштерге еріп, өзге мақсатқа пайдалануға мүмкіндік бермеңіздер. Қазақта сөз бар: «бөлінгенді бөрі жейді» деген. Және де тағы бір мақалдың айтылуы оңай болғанымен мағынасы терең, «Алтау ала болса ауыздағы кетеді, тәртеу түгел болса төбедегі келеді». Ынтымағы жарасқан мемлекеттің өсіп өркендеуі сіздерге байланысты. Аға буын ретінде біз құлдырамастай болған одақтың құлауын, экономикалық дағдарысты да бастан кештік. Біздің борышымыз тәжірибемізбен бөлісіп бағдар көрсету. Президентіміздің «Болашақты зерделей алатын данышпандық қасиеті бар. Кезінде ел астанасын Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы ойын мен де қолдамаған болатынмын. Енді төңірікке қараңыздаршы нағыз тәуелсіз елдің астанасы».



С. Алимкулова (саясаттану пәнінің ұстазы): Ғасырлардан ғасырларға елімізді мекендеген ата бабамыздың арманы, таңбалы тастары қашалып тарих беттерінде мәңгілік ел құруға ұмтылғаны әмбеге аян. Бүгінде қазақ жерінде сол арманның орындалған күні туды. Еліміз дамыған мемлекеттермен терезесі тең түсіп отыр. Бұл әрине, халқымыз бен ұлтымызды бастаушы елбасымыздың арқасы. Қиындыққа толы күндер артта қалып, жарқын болашақтың жаңа жолын айқындап берді. Ұстанған салиқалы саясатымыз өзге елдерге үлгі болып, біздің елмен санасатын мемлекеттер саны да артты. Менің көңілімнен шыққаны ұмыт болып бара жатқан ұлттық құндылықтарымыз, оның ішінде салт - дәстүр, әдет - ғұрыпымыздың қайта жаңғырып, зерттелуіне аса мән беріп отырғаны. Мәңгілік елдің тарихы да мәңгі болуға тиіс. Ұлттық идеологияның түбінде бірлігі жарасқан қазақ халқының тарихқа толы тағдыры жатыр. Мәңгілік

Осындай ұлт жанапырларының жиылған ортасында рухтандыратын көрінсің куәсі бола отырып, ішкі жан дүниеміз тылсым сезімге бой алдырды. Әрбір айтылған сөздер тыңдар құлақтың құрышын қандырып қана қоймай, жүректерге жол тауып жатқандығын жастардың шынайы байқауға болатын... қошеметтерінен



Қазақстан 2050

www.strategy2050.kz



Бетті әзірлеген: Мерлан Рымжан



КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

ҰЛТТЫҚ КИНОНЫҢ ТУЫН КӨТЕРУІМІЗ КЕРЕК...

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері,
өнертану кандидаты,
кинотанушы, ҚазҰӨУ «Өнертану» кафедрасының жетекшісі,
профессор- Нөгербек Бауыржан Рамазанұлы



-Бауыржан аға, еліміздегі кино мектебінің негізін қалаушылардың алғашқысы екеніңіз өнер саласында жүрген адамдардың бәріне аян.

Өңгіменің басын осы ұстаздық жолға кеуіңізден бастасақ.

-Өнердің қай саласы болмасын мейлі театр, мейлі кино болсын біріншіден, оның негізін қалаушы тұлғалар болуы керек. Екіншіден, сол жасаған дүниелерді жалғастыратын тағы да буын керек. Басқаша айтқанда, сол өнердің адамдарын дайындайтын мектеп керек. Осындай проблема бізде 90-шы жылдары туындады ғой. Бұрын біздің байланыстарымыздың, аманаттарымыздың бәрі соғысқа байланысты Мәскеу, Ленинградта дайындалды. 90-шы жылдары тәуелсіздікке қол жеткізгенде Алматы театр және кино институтына (қазіргі Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясы) жұмысқа шақырылды. Әмен аға Хайдаров екеуіміздің алдымызға «Кино және телевизия» деканатын ашу осыған орай арнайы мамандықтарды дайындау мақсаты қойылды. Әмен аға мультипликатор курсы алды, мен «кинотану» мамандығына шәкірттер қабалдадым. Содан келесі жылдан бастап операторлар, режиссерлер, т.б. қосылды. Енді осы оқиға 2010 жылы Астанадағы Қазақ Ұлттық Өнер университетінде жалғасты. Арнайы шақыртумен келіп, «Өнертану және операторлық өнер» деген кішігірім кафедралар аштық. Қазірде ол үлкен екі кафедраға айналды: «Кино және телевизия», «Өнертану». Біраз мамандар істейді. Біз енді сол өнертануды алғанда 2010-шы жылдары «кинотеледраматургияға» Әкім Тарази, «театртану» мамандығына Еркін Жуасбек, «кинотану» мамандығына мен қабылдадым. Бүгінде бізге А.К. Юсупованың жетекшілігімен «өнертану» мамандығы да қосылды.

-Алғашқы кинотарихшыларымыз және өзіңізбен үзеңгілес болған кинотанушылар жайында не айтасыз?

-Шынын айту керек, бізде өнертану онша жақсы дамымаған. Кино сыншыларымыз көп болған жоқ. Алғашқы кино тарихшымыз деп, Мәскеуде білім алған Қабыш Сиранов ағамызды атасақ, содан кейін кино тарихы және кинодраматургия саласында кандидаттық диссертация қорғаған Камал ағамызды атаймыз. Содан келе ВГИК-ті бітірген біздер: Қ.Әлімбаева, Г.Айнағұлова, Ғылым Академиясынан: Р.Оспанова, Р.Абдуллахатова, т.б. қосылдық. Былай қарағанда бес-алты кинотанушыларымыз бар. Олар енді өз кезеңінде біраз еңбек атқарды. Мәселен, «Очерки казахского кино», «Тенденции развития киноискусства Казахстана» деген кітаптар жарық көрді. Оны бірінші қадам деп ойлауға болады. Бүгінде бізде үш өнертану кандидатымыз, екі доктор phd қорғалды. Соған қарағанда алғашқы жақсы қадамдар бар. Кинотану, кино сыны шыққан киноға тек қана пікір жазумен шектелмейді. Оның ең үлкен биік шыңы - кино теориясы. Ол жанағы біздің режиссерлердің шығармашылық жолын, түсірген фильмдерін сараптау, жазу, оны жарыққа шығару. Осы тұрғыдан қарағанда бізде әлі де біраз дүниелер жасалмаған.

-Өзіңіз мұрындық болған мамандықтың ашылғанына жиырма жылдың көлемінен асты. Әлі де болсын, шешімін таппай келе жатқан қандай мәселелерді алға қояр едіңіз?

-Ал енді 93-ші жылдан бері осы салада кино сыншыларды, кинотанушыларды дайындап келе жатырмыз. Менің кинотанушы ретінде, кино маманы ретінде үлкен арманым - қазақ киносындағы аға буын режиссерлеріміз: Ш.Айманов, С.Қожықов, М.Бегалин, А.Қарсақбаев еңбектерін жинап, том-томдап шығарсақ. Солардың шығармашылық жолын зерттесек. Неге олай болмай жатыр? деген сауал туады ғой. Ашығын айту керек, мәдени саясат жағынан қарағанда өнертануға үкімет тарапынан аса қатты көңіл бөлінбейді. Жеткіліксіз әлі де. Біріншіден, бізде өнерге байланысты журнал жоқ. Аз-кем үш-төрт журналымызда жабылды. «Жаңа фильм», «Азия фильм», т.б. болған. Баяғыда бір кеңістік болғаннан кейін Мәскеуде «Искусство кино» деген журналға мақалаларымызды жіберіп тұратынбыз. Қазіргі таңда өте қиын. Егер де ғылыми мақалалар жазсақ, тек конференцияларда оқумен шектеледі. Оны басып шығарғанның өзінде тиражы аз.

-Бұл мәселені қалай шешуге болады?

-Бізде «Өнер» баспасы бар. Дегенмен, өнерге байланысты арнайы ғылыми республикалық журнал болса. Онда театр да, кино да, балет те қамтылса. Жүйе бойынша қазіргі жастар магистратура, докторантураға түскеннен кейін уақытылы жұмысын қорғауы керек. Бұрын ол адамның өз еркінде еді. Сіз аспирантураға түсесіз бе, түспейсіз бе, түспеген күннің өзінде өз қалауыңызбен жазып келіп қорғауға мүмкіндіктер болған. Ғылыми институтта, әйтпесе жоғары Өнер институтында тақырыбынды тіркеп аласың да, асықпай жаза бересің. Қазірде осының бәрі жүйелі түрде тәртіпке келтірілді. Бес жылдың ішінде ғалым болып шығуың керек. Бірақ, осы бес жылдың ішінде инфо-факторға байланысты арнайы комиссиялары бар Министрлікпен бекітілген журналдарға мақалаларыңды шығаруың керек. Мен сол бекітілген



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

журналдар жөнінде айтқым келеді. Өйткені, біз қарасак Білім және Ғылым Министрлігінің бекіткен тізімінде біз филологияға жатамыз. Өнертану деген жеке сала жоқ.

- Не себеппен? Мүмкін сол тұғырлы орындарға жағдайды баяндайтын арнайы мамандар керек шығар?

- Әрине, бұл жағдайды біріншіден, сол жерде ғылымды қарастыратын комитеттің арнайы мамандары білу керек. Олар мәдениеттану мен өнертану бір сала деп ойлайды. Мәдениеттану көбінесе философияға жақын ғой. Ал, «өнертану» деген ол нақты театр өнері болсын, кино өнері болсын, қалам өнері болсын соны зерттейтін сала. Осыған дұрыс көзқарас жоқтың қасы. Жалпы, әлем бойынша өнертануға байланысты инфо-фактор журналдарын табу өте қиын. Өте аз, жоқ деп айтуға болады. Филология бар, педагогика бар. Біз енді педагогикамен шектелмейміз ғой. Бұл үлкен мәселе шешілген жағдайда өнертану жақсы қарқынмен дамытын еді. Мәселен, қазір олимпиада өтіп жатыр. Оған қаншама спортшыларымыз қатысуда. Әйтеуір, отандастарымыз ондыққа, отыздыққа, жүздікке ілініп жағыр. Ал, енді салыстырмалы түрде қарасак, бізде өнертану жағы солай ма?! Біздің өнертанушыларымыз сондай танымал ма? Қажеттілігі, құндылығы бар ма? Егер қандай да спортшыларымыз қатысса, оған әкімнен бастап, елбасының өзі батасын береді. Барып, жанкүйер болады. Екіншіден, олар қандай да бір жетістікке жетіп елге оралғаннан кейін зор құрмет жасалынады. Қоғамның барлығы жеңімпаздарды қаһарман ретінде танып жатады. Сондай көзқарас қазір бізге жетіспейді

- Бүгінде оқуын тәмәмдаған қаншама өнертанушыларымыз бар. Сол мамандар осы олқылықтардың орнын толтыра алмағаны ма?

- Менің арманым бар. Осы мамандықтарға қоғам арасынан қызығушылықпен, осы салаға деген сүйіспеншілікпен арнайы келетін оқушыларымыз болса. «Мында конкурс аз екен, анда он үміткер мында бес үміткер екен» деген оймен келмеу керек. Кинотанушылар тек киносыншы, кинотеоретик қана болып жұмыс атқармайды ғой. Олар журнал-газеттерде, телевизия саласында редактор болып та қызмет атқарады. Қаншама түлектеріміз қазір ұлттық арналарда осы мамандықпен қызмет атқаруда. Соның арқасында телебағдарламаларымыздың сапасы көтерілді деп ойлаймын. Біздің мамандар отырады ғой. Сондағы кинолардың көрсетілім кестесін жасағанда, білікті маман екенін көрсетіп, дұрыс таңдау жасайды. Көрерменге қызықты, мағынасы бар фильмдер ұсынылып жүр ғой байқасақ. Осындай қадамдар бар, алайда әлі де ол жеткіліксіз.

- Елбасымыз қазақ халқына «Мәңгілік ел» жобасын ұсынды. Кино саласында біз мәңгілік болу үшін не істеуіміз керек?

- Шет елдің киноларымен салыстырғанда, қазақ киносының тарихы теренде емес. Түрксиб фильмінде ұтымды эпизод бар. Пәезд келгенде қарапайым халық өгізге мініп қуады, болмағасын секіріп түсіп, жаяу қуады. Біз, міне осы жағдайдамыз. Жете алмаймыз. Ал, спортта ондай мәселе жоқ. Мен соған таң қаламын. Менің ең үлкен арманым - кинотанудың өзіндік жеке мектебі болуы керек. Неліктен? Мысал келтірейін. Эстонияда семиотик болған. Ол әдебиетке байланысты зерттеулер жасаған. Сонында шәкірттерін қасына ертіп, керемет мектептің негізін қалап шығарды. Бізде осындай дүниелер жасауымыз керек. Қалай дүниежүзіне танымал боламыз? деген сауалдың тууы шарт. Алайда, шығармашылық жолындағы қауымның басым көпшілігі экшн жанрында, кассалық фильмдер түсірсек, өркениеттігімізді көрсетеміз дейтіні бар. Бұл дұрыс жол емес! Өйткені, коммерциялық кино өнерге жатпайды. Ондай фильмдер тек тауар ретінде қарастырылады. Голливудпен сайысқа түсіп, олардан артық жасаймын дегеннің өзі қияли арман. Себебі, әлемнің түкпір-түкпірінде миллиондаған кинотеатрлары болғандықтан, олар миллиардтаған ақша салады. Қазақстанда да бар ол кинотеатрлар. Ал, біздің демографиялық жағдайымыз санаулы болғандықтан, ұлттық киноның туын көтеруіміз керек. Ш.Айманов бастап кеткен дәстүрлі киноны жалғастыруымыз керек. Иә, «Жаужүрек мың бала», «Біржан сал» осы фильмдерде бұрынғы дәстүр бар ғой. «Қыз Жібек» фильміне байланысты киносыншы Фоминнен бастап жазды ғой, халықтың қалай қабылдағанын. Біз кино өнері арқылы тарихымызды, елдің өнерін, дәстүрін көрсетуіміз керек. Міне, осындай фильмдерге ақша бөлінуі керек. Сонда ғана мәңгілік елде мәңгілік өмір сүре аламыз.

- Тың пікір, ұтымды ойлар білдіргеніңізге рахмет!





КАЗАК ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

ОҰМАҚТЫ ОҰ

10

МҰРАТЫМЫЗ - МӘҢГІЛІК ЕЛ



Қазақ Ұлттық Өнер университетінің ақпараттық-кітапхана қызметі 2014 жылда атқаратын жұмыстарының басты мақсаттары мен міндеттерін Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2014 жыл 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына жолдауымен тығыз байланыстыруды көздеп отыр. Осыған орай бірнеше талаптарды ерекше атап өту жөн. Мәселен, бағдарламаның басты мақсаты - білім беру, ғылым, өндіріс жүйесінде мамандардың кәсіби біліктіліктерін дамыту және отандастарымыздың отансүйгіштік қасиеттерін арттыру

негізінде экономиканың жоғарғы технологиялық және ғылымды қажетсінетін салалар үшін бәсекеге қабілетті мамандар даярлау болып табылады.

«Мәңгілік Ел» жастар қозғалысының мақсаты - «Қазақстан - 2050» стратегиясында қойылған мақсаттар мен міндеттерді белсенді түрде жүзеге асыруға өз замандастарын тарту және олардың әлеуметтік-мәдени деңгейін көтеру.

Сондай-ақ:

- қазақ халқының салт-дәстүрі мен мәдениетін сақтау, ұлтаралық татулық пен дінаралық толеранттылықты нығайту;

- жастар мен студенттерге терең білімге, заманауи ғылымға және ұлттық тәрбиеге құнтарлығын арттыру жолында жұмыстар атқару арқылы Елбасының бастамаларына қолдау көрсету;

- университет жастары кәсіпкерлік, ғылым мен білімнің жаңа әлемдік деңгейіндегі жетістіктерін меңгеру арқылы өздерінің бар ақыл-ойы мен күш-қуатын «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясына сүйене отырып, Тәуелсіздігімізді нығайтуына сенімділіктерін білдіру;

- қазіргі таңдағы білім берудің жаңа парадигмасы ғылыми ақпараттық мәдениеттің инновациялық принциптері баяндалып, жоғары оқу орындары студенттерінің заман талабына сай ақпараттық мәдениетінің, соның ішінде ғылыми - ақпараттық мәдениетті игеруі тиіс.

Елбасының Жолдауы еліміздегі көкейкесті деген мәселелерді дер кезінде көтерін отыр. Маңызды құжатта, білім беру, денсаулық сақтау, салаларында заманауи инновациялық технологиялар мен әдістерді енгізуді жалғастыру, жастарды отансүйгіштік рухта тәрбиелеу, индустриялық-инновациялық даму жобаларын ел игілігі үшін ұтымды пайдалана білу сияқты мәселелер ұтқыр ой тастай отырып ортаға қойылды. Білім беру саласы бойынша Елбасы жастардың білімге қол жеткізуі үшін оларға әлеуметтік көмек көрсету, оқу орындарының базасын нығайту туралы жақсы айтты. Елбасы жолдауында мәдениет саласын нығайтудың өзекті мәселелері де анық көрсетілді. Бұл өнер адамдарына үлкен серпін берері сөзсіз. Осы орайда Елбасының Жолдауы өнер ордамыздағы Қазақстанның болашақ өнерлі жастарын білім нәрімен сусындатып, еліміздің мәдениеті, өнері мен өркениетінің дамуы мен биік белестерінен көрінуіне айқын жол ашып, сенімді нық қадамдар жасауына ықпал етеді деген үміттеміз!

Ақпараттық кітапхана қызметі сіздердің назарларыңызға жоғарыда айтылған айтулы оқиғаның көрінісі ретінде қаңтар айының 20-шы жұлдызы күні кітапхананың оқу залына «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты кең көлемді кітап көрмесін ұйымдастырды. Көрме жолдауда айтылған негізгі мақсаттар мен бағыттарын ашып көрсете отырып, Елбасының ұшқыр ойлы сөзімен және Елбасының жолдауда атап көрсеткен жеті ұстанымын негізге ала отырып жасалды.

ҚазҰӨУ-нің анықтама-библиографиялық және ақпараттық жұмыс бөлімінің жетекшісі
Абенова Олжағұл Базарбайқызы





КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

ЖАС ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ БОЙЫНДА ТЕАТР ӨНЕРІНЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН ОЯТУ

Театр - көрерменнің тіпті түсінде көрмеген
не армандамаған ойларының орындалатын орны
Петер Цадек



Театр өнері адам баласының ақыл-ойы мен сезім пернелерін сөз бен іс арқылы білдіруге талпынған пиғылынан туындаған, рухани шығармашылық әрекетінің көрінісі. Театрдағы көріністер арқылы көрерменнің бойында сұлулық, жақсылық, адамгершілік, махаббат, рухани байлық сияқты ізгі қасиеттер қалыптасатындығы барлығымызға аян. Әсіресе, қазіргі заман көшінен қалмай өсіп келе жатқан балаларымызға осы қасиеттерді, құндылықтарды ұялату әрбір ересек адамның парызы десек те болады.

Міне, осы мақсатта, жас жеткіншектердің бойында театр өнеріне деген қызығушылығын ояту мақсатында, Астана қаласы Махамбет Өтемісұлы атындағы оқушылар сарайы мен № 2 Өнер мектебін ұйымдастыруымен үстіміздегі жылдың 11,12 ақпан күндері «Театр» номинациясы бойынша «Шаттық» байқауы өткізілді. Байқауға қала мектептері мен колледждерінің театр ұжымдары қатысты. Театр ұжымдары қойылымның көрерменнің жүрегіне жеңіл, түсінікті, көркем жетуі үшін бар өнерлерін салды. Әрбір ұжымның алып келген сахналық көрінісі өзінше дара, адам санасына ой салатындай ерекше болды. Мысалы, № 69 мектеп - гимназиясының дайындаған Ғ. Ештанаевтың «Емен - ұзақ жасайтын ағаш» атты көрінісі Сәкен Сейфуллиннің өмірі туралы баяндаса, № 59 мектеп - лицей ұжымы У.Шекспирдың «Отелло» спектаклін көрсетіп, көрерменді тәнті етті. Әсіресе, Яго ролін сомдаған оқушы көрерменнің көзайымына айналды. Оқушылар үлкен театрларда сомдалып жүрген образдарды, көрсетіліп жүрген спектакльдерді алып, кәсіби актерлардан үлгі түспеуге тырысып жатты. «Еңлік - Кебек», Т.Ахтановтың «Күшік күйеу», «Үміт», «Хан Кене», «Қалқаман - Мамыр», Қ.Бекхожин «Ұлан асу», Б.Соқпақбаев «Менің атым Қожа», Т.Ахтанов «Ант», А.Чехов «Хамелеон», М.Ю.Лермонтов «Маскарад» сияқты спектакльдер өз көрермендерінің жүрегіне жол таба білді. № 64 мектеп - лицейдің Қ. Жүнісовтың «Алғашқы махаббат», № 14 мектеп - гимназиясының «Сад без земли...» атты қойылымдары үздіктер қатарынан табылды. Кәсіби маман болмаса да көздері бал-бұл жайнап, сахнада өз ролін бойындағы бар өнерімен, жігерімен орындап жатқан оқушыларды көргенде өнерге ғашық, өнер арқылы жақсылықты үйреніп, жамандықтан жиренетін, өзіне, өзгелерге ізгілік дәнін себуге дайын жандар бар екендігіне қуанасың. Мұндай жеткіншектер барда өнердің еш уақытта өлмейтініне, насихаттала беретіндігіне, театр әрдайым өз көрерменін табатындығына сенемін.



Астана қаласы № 2 Өнер мектебі
Дүйсенова Назгүл Жетпісбайқызы



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

МҰҚАНОВА ШӘКІРТТЕРІ ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ!

Не көрсем де алаш үшін көргенім,
Маған атақ ұлтым үшін өлгенім!

- деп, жалынды жырларымен жасындай жарқылдаған, небәрі 44 жыл ғұмыр кешкен Мағжан Жұмабаев өзі өмірден өтсе де артына өлмес мұрасын қалдырды. Кеше ғана қаңтар айының 31-ші жұлдызында Алматы қаласында Сүлейман Демирель университеті қабырғасында «М.Жұмабаев» атындағы халықаралық әдеби-шығармашылық, өнер бірлестігінің ұйымдастыруымен алты алаштың ардақ тұтар арысы, асқақ ақын, қайраткер тұлға Мағжан Жұмабаевтың туғанына 120 жыл толуына орай «Тек «Ел» деген сөз үшін» атты талантты жастардың республикалық сайысының қорытынды марапаттау рәсімі болып өтті. Аталмыш байқау 2013 жылдың қазан айында басталып, желтоқсан айында жұмыстарды қабылдау тоқтатылған болатын. Байқауда еліміздің 27 ЖОО-нан келген студенттерінің 200-дей жұмысы төмендегідей 4 бағыт бойынша бақ сынады:

1. Қысқа көлемді бейнебаян (М. Жұмабаев немесе барша алаш зиялыларының қызметі мен өміріне, артына қалдырған мұрасына байланысты. Бұл шарттар аталған үш бөлімге де қатысты);
2. Көркем сөз (эссе, әңгіме, т.б.);
3. Көсем сөз (публицистикалық мақала);
4. Поэзиялық шығарма, яғни жас ақындар мүшәйрасы;



Конкурс барысында көркемсөз (проза) бағыты бойынша жарысқа түскен 200 шығарманың ішінен озық шығып, ҚР еңбек сіңірген қайраткері - Роза Мұқанованың шәкірттері, Қазақ Ұлттық Өнер университетінің студенттері, өзіміздің болашақ өріптестеріміз - Ануар Зейнеп пен Жайлыбай Жанат жүлделі оралды. Зейнептің қаламынан туған «Ай жұтылған түн» I орынды олжаласа, Жанат жазған «Жасын» III орынды еншіледі. Бұл жеңіс бәрімізге ортақ жеңіс!

«Түркиядан келген және өзіміздің елдің тілшілері маған сұрақ қойды: Неге «Ай тұтылған түн» емес, «Ай жұтылған түн»? - деп. Мен шығармамды «Ай жұтылған түн» деп атаған себебім: ақын



Мағжан қайтыс болар алдында терезеден төніп тұратын ай сәулесі түспей қалады. Осы сәтте мен оның Алаш үшін кінәсіз кеткендігін сол кездегі қоғам түсінбесе де, аспандағы айдың өзі мұңайып, Мағжан мұңын көтере алмады деген ой айтқым келді. Қысқаша оқиғасын айтсам, Мағжан түрмеге түскен камерада Мағжаннан бұрын 30 жыл темір қамауда отырған Сағи деген шал болады. Ол Жұмабаевты таниды, ақын екенін біледі, бірақ сынау үшін әдейі танымаған танытады. Содан Мағжан өзінің «Тек «ел» деген сөз үшін» атты поэзиясын оқи жөнеледі. Оқиға осылайша өрбиді. Конкурстың тақырыбы осыған аттас болғандықтан Мағжанға осы өлеңді оқыттым», - дейді жас талант Зейнеп Ануар.

Жанат Жайлыбай қуанышты сәтін бізбен былайша бөлісті: «Қазақ руханиятына шығармалары жасындай, найзағайдай жарқылдап, сезімдерге ерекше күй сыйлаған Мағжан емес пе еді?! Мағжанымызға сол кездің үкімет, саясаты да жасынның жай отындай тигені де ақиқат. Осы ойымды айқындай келе шығармамның атын «Жасын» деп алдуды ұйғардым. Шығарманы бастамас бұрын көп іздендім. Мағжантанушы, Мағжанды зерттеп жүрген Хусейн атты ағамызбен кездесіп, Мағжан жайлы көптеген мәлеметтер жинадым. Біздер біле бермейтін тұстарын іздедім. Және меңзеген арманым жеткен де сияқтандым. Мағжан атамның өмірден қалай өткені беймәлім болғасын, осы репрессияға ұшырар алдындағы тағдырын, сол кезде Мағжанға қарсы болған партияларды астарлап жеткізгім келді. Шығармамды қысқаша баяндасам, Мағжанның Француз атты досы болады. Оны Мағжан өте ақылды, дана деп біледі. Кейде ол Мағжанға өлең оқып, сол өлеңді Мағжанның өзіне, Мағжанның атынан жариялауды бұйырады. Неге олай істегенін белгісіз көріп жүрген Мағжан, көптеген шытырман оқиғадан кейін Француз деген өзінің Музасы екенін түсінеді. Ол оған тиесілі елес кейіпі екенін біледі. Шығарма осы оқиғадан кейін де мистикамен бітіп, жұмбақ оймен аяқталады. Бұл жеңіске жетуіме ықпалын тигізген өнердегі ұстазым Роза Мұқановаға зор алғысымды білдіремін. Өнердегі алғашқы жетістігімді Мағжан ақыннан бастағаным бақыттымын!»

«Шабыт» журналының атынан Жанат пен Зейнептің шығармашылықтарына толағай табыс тілейміз!





Татулықтың себебі

Бұл өмірде жетелейді тек мұрат,
Бұл өмірді сүре бергім кеп тұрад.
Оғаштығы жоқ бір-ақ,
Үй болғасын ұрыс-керіс боп тұрад.

Үйімізде болса бірақ көрмейміз,
Өзгелердің айтқанына көнбейміз.
Ағамыз бен жеңгемізден көріп қап,
Мұның не деп жазғырамыз, тергейміз.

Жас отаудың әрқашанда, қосы жәй,
Бір-ақ кейде боп тұрады тосын жәй.
Қанша тату болғаны мен кей кезде,
Сол отаудан үн шығады осылай...

Ағам кейде дау көтерер кеш тұрып,
Мұның өзі әдет болар ескілік.
Торға түскен сауысқандай саңқылдап,
Жеңгеміздің дауысы шығар естіліп.

Кейде ашулы, кейде еркелеп жүретін,
Жеңгелер-ай, ердің бабын білетін.
Арасында аздап соққы алса да,
Ағамызды жөнге салып жүретін.

Жанжалдары қылығындай баланың,
Бұның бәрі, сыйластықтан қарағым.
Бірін-бірі ашуменен жөнге сап,
Бір-бірінің бағатұғын қабағын.

Мынау дәлел, бұның бірі дерек қой.
Татулыққа бастайтұғын себеп қой.
Бақытыңды сақтау үшін мәңгіге,
Арасында жанжалдасу керек қой.

Байланып қалдым...

Көрермен дерін көндіріп алған көк жәшік,
Байланып қалам, өзіңді көрсем мен де ашып.
Байланып қалам, толмайды көңіл кей кезде,
Жасалып жатса күнәнің бәрі күнде ашық.

Бүгінде саған байланып қалдым көз алмай,
Кірпіктерімнің қозғалған сәтін сезе алмай.
Байланып қалдым, эфирден көрген елік қыз,
Бағдарламаңның бітерін сезіп төзе алмай.

Тікелей эфир, бірінде ғана бес күннің,
Жүрекке білем, әмірі жүрмес епкімнің.
Қолқалап жүрек, қоңырау шалдым еріксіз
«Байланыстасыз» - деп биязы, нәзік естілді үн.

Сол сәтте менің кеудемді торлап, жанды үміт,
Байланып қалған секілді тілім мәңгілік.
Үн қата алмай, тек тыңдап тұрдым даусыңды,
Мына әлем маған тұрғандай сірә жаңғырып.

Эфирде тұрып танысу қиын, қырындап,
Сенде баурайсың, көріктім, көзің жымыңдап.
Есімді енді жинаған сәтте сәбидей,
Құлақты жарып, трубка тұрды пыңылдап.

Байланып қалдым, сол күннен саған көк жәшік,
Тікелей эфир көп болсын, сырын көпке ашып.
Тербетіп жанды, даусыңды естіп тұрайын
Эфирден жиі көрінші ару мен ғашық.



Дәуіт Жәнібек



Оралу

Ұлына деген махаббаты - күш қуат бергендей болды. Сағи қарт қарынының апқанын да ұмытып, лашығынан оқша атылып шығып, Нарымбет ауылына қарай бет алды. Аяғын тез-тез басып келеді. «Құшағыма ұлымды басып, құштарлана маңдайынан сүйсем ғой» - деген, ұшқыр қиялы қияға қарай жетелеп әкетті. Бауыр еті баласының өзін түсінетініне кәміл сенімді. Жүзіне күлкі үйріліп, көзінен қуаныш байқалады. Ой жетегіне еріп келе жатып, ауылға қалай жеткенін де байқамай қалды. Ауыл шетіне келіп терең дем алды, жан-жағына көз тастап еді, кеш батып қалыпты. Түстегідей күн ыстық емес, салқын самал ғана есіп тұр. Қызарып батқан күн, жан-жағын қызыл арайға шомылдырып, ұясына еңкейіп барады. Сағи қарт ұзақ тұрды. Бетін сипаған самал-жел әлгіндегі сенімін ұшырып әкеткендей. Өзіне деген сенімі судай сылдырап, сай-салаға ағып кеткендей күйге түсті. Бірақ «үмітсіз шайтан» деген бар емес пе?! Сағи да үмітін үзбеді. Сәл кідірді де, таныс көше бойымен, таныс үйге бет алды. Жүрегі дүрсілдеп қоя берді. Аяңдап басып үйдің ауласына да жетті. Енді кері қайтарға жол жоқ. Сағи қарт жүрегі кеудесіне сипай дірілдеп, үйдің есігіне жақындай бергенде, есіктен жалба-жұлба бір әйел шыға келді. Тура алдында тұрған Сағидан құдды бір жын көргендей шошынып, айқайға басып, Сәрсенді шақырды. Сәрсен де жалма-жан атып шығып, күректей қолдарымен Сағиды нұқып қалды да:

- Не керек ей! Адасқан кәрі ит? - деп, тергей бастады.

Шөңірейген көздеріне жас толып, Сағи қарт селк-селк етін:

- Балам! Мен ғой әкең - деген сөзді, қалшылдап тұрған тістерінің арасынан әрең шығарды. Сәрсен біраз кідіріп тұрды да:

- Әке дейді ғой, әке дегенің кім екенін білесін бе өзің?! - деген сөздерден соң, біраз үнсіздік орнады. Сәрсеннің сөзі сол үнсіздікті бұзып, Сағиға оқтай қадалды. - Менің әкем жоқ! Ол мен үшін өлген адам! Бұл сөздерді есітіп тұрған қарттың жүрегі, қайғыдан қан жұтып, қарс айырылғандай.

- Кешпір мені, адастым. Өзімнен басқанының бәрін жау көріппін. Ал, қазіргі күйім мынау, бір аяғым жерде болса, бір аяғым көрде...

Сәрсен әкесінің сөзін аяқтатпай іліп әкетіп:

- Өлгелі келдім дегің келіп тұр ма?! Өкінішті, бәрін кеш түсінген екенсін. Енді сенің түкке де керегің жоқ, өз жөніңмен кет - деді де, есікті тарс жауып үйіне кіріп кетті. Сағи жарылған еріндерін тас жұмырт алып, келініне жас толған көздерін қадады да, жауап күтті. Байқұс әйел ерінен асып қайда барсын, ол да Сәрсеннің артынан ілесіп, ағаш есіктің артына сіңіп кетті. Сағидың келбетін айғыздап тілген, ағарған әжім сызықтарының әрқайсысы бір-ақ тілектің ізі екенін ұлы да, келіні де аңғарған жоқ. Сағи емшек сұраған жетім балаша, біраз тұрды да, жырым-жырым жеңінен білегіне дейін көрінген қайыстай кара қолымен қойша домалаған көзінің жасын сүртіп, қойынынан Сәрсенің жас кезіндегі суретін алып, есіктің қоңырауына қыстырды да, ауладан шығып кетті. Күн баяғыда батып, ауыл іші қараңғылана бастаған екен. Артына қайта-қайта қарап, теңселе қозғалып, аяғын әрең басып, ауылдан да шықты. Артына жалтақтай қарап, ауылдан алыстай берді. Алыстай берді...

Күн аспан төріне шарықтай шығып, шаңқай түске ауысқан шақ. Ақша бұлғтар төңкеріле бір-бірімен жарыса қозғалып, төскейге қарай асығуда. Көлеңкелері жер бетімен құлай жүгірген сансыз көп қойларға ұқсап жосып барады. Орман іші жыбыр-жыбыр тірі көлеңкелерге толып кеткен. Бос лашықтың тесігінен келіп сығалаған күн сәулесі, оятатын жан таппады. Қоғамнан өз орынын таба алмаған жанның да орыны - дүниеде бос қалды.





КАЗАК ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

ҚИЯЛ КӨКЖИЕГІ 15



Термеші



Ою – өрнек композициясы



Үш қонақ



Түнгі қала



Үкі

Автор: Ахметова Аягөз



КИНО ӨНЕРІН ТОПШЫЛАУ



Сөзбен жеткізу мүмкін емес сұлулықты не болмаса сұмдық қорқынышты көріністі тура жеткізу әдебиеттің қолынан келмейтін дүние. Сонымен қатар, әуен арқылы адамның жан дүниесін ашу, оны терең ойға батыру музыка өнерінің еншісінде, дегенмен де оның бұл қасиетін барша жан түсіне бермейді. Оған жан бітіре алатын, бір сөзбен айтқанда, музыканың баршаға бірдей түсінікті болуы үшін әдебиеттің «сөз өнері» деген элементін қосу керек. Музыка мен жан тербететін сөз адам көңілін тебіртпей қоймайды. Сонымен қатар, бұл ғаламат әлемде ең алғаш рет дүниеге келген тамаша өнер түрі - бейнелеу өнері. Әдебиетті қолға алсаң, көз елесіне, ал музыкада құлақ елесіне батарсың. Ал бейнелеу ешқандай да елеске жол бермейді. Ол тек өзінің сұлу бейнесіне еріксіз жөнеледі. Үнсіздікке толы құпия. Осының бір топқа жинап алып, тамаша өнер түрін тудырған келесі өнер түрі - театр өнері. Былай қарағанда мінсіз өнер түрі сияқты, дегенмен де ол үлкен кеңістікте еркін қозғалуға қол

жеткізе алмайтынын байқаймыз. Ендігі соңғы өнер түрі - кино өнері, ол тамаша құбылыс. Кино ғаламдық барлық өнерді бойына сіңірген ерке де ұлы дүние. Сонымен де ол кеңістікте еркін қозғалуға да мүмкіндік ала отырып, жоқ нәрседен бар жасай алатын сиқырлық қасиеті бар. Ал кино өнерінің иесі өнердің баршасынан хабардар болуы тиіс, әйтпегенде одан шебер кино маманы шығуына кепілдік беру қиын.

Қазіргі таңда көптеген кино көрермендері жақсы немесе нашар фильм деп бөліп жатады. Негізінде бұлай бөлудің қажеті жоқ деп түсінемін. Себебі бұның өзі біріншіден дәрекі естілсе, екіншіден өркөкіректікті көрсетеді. Егер де нашар кино немесе жақсы кино деп айту бұрыс болса, қалайша шынайылық пен жалғандықты ажыратуға болады? Шындық - ащы, сонымен қатар ол мәңгілік өмір сүрері белгілі. Ал жалғандықтың өмірі келте, Конфуций айтпақшы «өтіріктің басы бір тұтам». Бүгін тәтті, ертеңгі күні сор маңдайға ұрындыратын түбі терең күз. Тура сол сияқты киноны өміршең және уақытша деп екі топқа топшылаған жөн деп тұжырымдаймын. Шынайы өнер еш уақытта өлмейді. Сол өнерге қол жеткізген пенде де мәңгілікке ие болады. Бұл ерекшелік кез-келгеннің қолында жүрмес, бағалы дүние. Оған қызығушылық танытушылар да бар. Атақ-даңқын шарықтатқысы келгендіктен, өнердің соңынан ілесуді жөн көрген адам еш уақытта да мәңгілікке қол жеткізбесі айқын. Оның өнері өзімен бірге өмір сүріп, өзінен кейін тіптен ұмытылып кетуі де не болмаса өз иесінен бар жоғы жарты ғасыр ғана ұзағырақ тұрып, жаңа толқынның келуімен оның есігі мәңгілікке жабылуы да ғажап емес. Бұл әрине өте қайғылы жағдай, дегенмен де жақсылық пен жамандықтың орны бір емес пе, олар бір-біріне сүйсіне өмір сүре алмайды. Жаман болмаса, жақсыны одан қалай ажыратуға болады. Сол себептен де «жақсылықтың негізі - жамандық» деп қазақ бекер айтпаған.

Енді өміршең кино мен уақытша киноны өмірге әкелетін кімдер және оның айырмашылықтары қаншалықты алыс және ұқсастығы қаншалықты жақын екені өзге түгілі, өзіме де қызықты мәселе. Соған қарамастан, мен өзімше бұл сұрақтарға жауап бергім келеді. Уақытша киноның иесі жоғарыда айта кеткендей өз артынан мәңгілік із қалдыру мақсатын ұстанған жан деп көремін. Ол менің ойымша, алдымен белгілі бір заман өкілін қызықтыратын тақырыптың басын ашып алып, солар арқылы қаржының көзін көруді мақсат етеді. Мысалы, қазіргі кезде болсын, өткен ғасырларда болсын не нәрсе болса да жастарға арналып жасалған дүниелер мол болып келеді. Сол сияқты қаржы жағын ойлайтын режиссерлер жастарды қызықтыратын тақырыпқа көптеп түсіреді. Ол әрине махаббат тақырыбы. Бір ғана сюжет арқылы бірнеше сценарий құрастырып, тәтті де жастар армандайтын сұлу дүниені жарыққа алып келеді. Ақыр соңында барлығына көз жүгіртіп қарағанда бір түсті мата сияқты екенін байқайсың. Барлығы да бірдей ақ немесе барлығы да бірдей қызыл мата. Ал осы құбылысқа қарама-қарсы дүние бұл



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

